

БЕКІТЕМІН:

«Жетісу облысы білім басқармасының
Текелі қаласы бойынша білім бөлімі» ММ
«№2 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-нің
меңгерушісі Е.А. Жақсыбекова

« 31 _____ 2023ж.



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023- 2024 оқу жылына арналған музыкалық ұйымдастырылған іс-әрекеттің мектепалды топқа арналған ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Музыка жетекшісі: А.Ш.Майснер

«Балапан, Балдырған » мектепалды тобы

Балалардың жасы 5- жас

Жоспардың құрылу кезеңі:қыркүйек айы 2023-2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка	<ul style="list-style-type: none">-Музыка тыңдауда шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету;-Ән айтуда дауспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру;-Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу;-Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Музыка	<ul style="list-style-type: none">-Музыка тыңдау арқылы музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айта білу;-Ән айту дағдыларын қалыптастыру, әуенін тыңдап айтуға үйрету;-Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру;-Балалар музыкалық аспаптарында шығармашылықтарын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке, ырғақ соғудағы ептілікке баулу.

Қараша	Музыка	<p>-Музыка тыңдау кезінде музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру;</p> <p>-Ән айтуда бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонында жеңіл дауыспен ән айту;</p> <p>-Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау;</p> <p>-Шулы аспаптар тобымен және ол аспаптардың ойналу жолымен таныстыру, ырғақтар соғуда қолдану.</p>
---------------	---------------	--

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Музыка	<p>- Музыка тыңдау арқылы шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету;</p> <p>-Ән айтуда, ән айтар алдында және фразалар арасында тыныс алу, сөздерді анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту;</p> <p>-Би билеу кезінде қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерте білу;</p> <p>-Металлофон және ксилофон аспаптарымен жақынырақ танысу, аспаптарда қарапайым ырғақтар соғып ойнау, үнін есте сақтау.</p>

қаңтар	Музыка	<ul style="list-style-type: none"> - Музыка тыңдау арқылы шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану, музыканы есте сақтауды жетілдіру; -Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту; -таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару; -Дауылпаз және барабан аспабының ойналу ерекшеліктерімен танысу, ұрмалы аспаптарда ырғақтар соғу тәілдерін үйрену.
---------------	---------------	--

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Музыка	<ul style="list-style-type: none"> -Музыка тыңдауда өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерімен таныстыру; -Әртүрлі сипаттағы әндерді өз беттерінше және шығармашылықпен орындауға баулу; -Би билеу арықылы , музыкалық ырғақты қимылдармен мәтінге сәйкес әнді сахналау, шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру; -Сазсырнай және сыбызғы аспаптарының ойналу, жасалау ерекшеліктерімен танысу, үрмелі аспаптарда ойнау тәсілдерін үйрену.

Наурыз	Музыка	<p>-Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру;</p> <p>-Әнді орындауда музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру;</p> <p>-Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, «Қаражорға» биін билету;</p> <p>-Домбыра аспабында ойнаудың, шертудің қарапайым тәсілдерін үйрену, ұлттық музыкалық аспаптардың үнін қабылдау, танып білу.</p>
---------------	---------------	--

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Музыка	<p>-Лирикалық, вальс ырғағындағы байсалды, баяу әуендерді қабылдау, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу</p> <p>-Ән айтудың негізгі ережелерін есте ұстау, әннің сипатын, көңіл-күйін сезініп орындау;</p> <p>-Қазақтың ұлттық би қимылдарын жетілдіру, би қимылдарының ерекшеліктерін түсіну, жасап үйрену;</p> <p>-Қоңырау, бубен, маракас, асатаяқ аспаптарында ойнаудың тәсілдерін үйрену, сілкімелі аспаптармен ырғақтар соғу.</p>
Мамыр	Музыка	<p>-Музыка тыңдауда классикалық, халықтық және заманауи музыканы салыстыру, ажырата білу, музыка мәдениетін қалыптастыру;</p> <p>-Таныс әндерді еркін орындау, әннің аттарын, сөздері мен әуенін есте ұстау;</p> <p>-Музыканың ырғағына, сөзіне сәйкес ойдан би қимылдарын шығарып би билеу, би билеуде жеңіл әрі еркін қимылдау;</p> <p>-Балалар музыкалық аспаптарын, шулы аспаптарды, қазақ ұлттық музыкалық аспаптарының ойналуын, үнін, атауын есте ұстау.</p>

